

ӘОЖ 00/009

ГТАМР 00.08: 06.81.23

БІЛІМ БЕРУДЕГІ БІЛІМДІ ІЗГІЛЕНДІРУ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР

A.X. СУЛЕЙМЕНОВА¹, A.P. ИГИСЕНОВА¹

⁽¹Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан)

E-mail: aizhankhamit2015@gmail.com, aida.igisenova@mail.ru

Авторлар білімді ізгілендіруді Қазақстандық қоғамның рухани жаңғыруы және гуманитарлық пәндерді оқыту тұрғысынан қарастырады. Білім беруді ізгілендіруде студенттердің бойында мейірімділік, сұлулық, адалдық, шынышылдық, әділеттілік, адамдар арасындағы тең дәрежедегі қарым-қатынас сияқты гуманистік тәрбие мен білім берудің жолдары көрсетілген. Білім беру адами капиталдың қалыптасуын қамтамасыз етудің негізі ретінде алынса, ол туа біткен ақыл-ой мен физикалық қабілет, дарын, сыйдың негізінде ғана емес, алынған білім мен біліктілікті негізінде мүмкін болады.

Негізгі сөздер: білімі ізгілендіру, гуманизм, гуманитарлық пәндер, құндылық, білім беру жүйесі, тәрбие.

ГУМАНИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАНИЯ И ОБЩЕСТВЕННЫЕ ДИСЦИПЛИНЫ

A.X. СУЛЕЙМЕНОВА¹, A.P. ИГИСЕНОВА¹

⁽¹Алматынський технологический университет, Алматы, Казахстан)

E-mail: aizhankhamit2015@gmail.com, aida.igisenova@mail.ru

В статье анализируются вопросы гуманизации образования. Авторы акцентируют внимание на роль социально-гуманитарных предметов в гуманизации образования и в духовной модернизации современного казахстанского общества. В современном обществе ценностные ориентиры личности основаны на его правах и свободах, поэтому принципы гуманизации рассматриваются как основа формирования разносторонней личности. В настоящее время одной из основных задач образования и воспитания является формирование толерантной личности, способной уважать, принять и правильно понимать другие культуры, другие способы самовыражения и проявления человеческой индивидуальности.

Ключевые слова: гуманизация образования, гуманизм, гуманитарные дисциплины, ценность, система образования, воспитание.

HUMANIZATION OF EDUCATION AND HUMANITARIAN DISCIPLINES

A.H. SULEIMENOVA¹, A.R. IGISSENOVA¹

⁽¹Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan)

E-mail: aizhankhamit2015@gmail.com, aida.igisenova@mail.ru

The article analyzes the issues of the humanization of education. The authors emphasize the role of social - humanitarian disciplines in the education system in the spiritual modernization of modern Kazakhstan society. In modern society, the value orientations of the individual are based on his rights and freedoms, so the principles of humanization are considered as the basis for the formation of a versatile personality. At present, one of the main tasks of education and upbringing is

the formation of a tolerant personality capable of respecting, accepting and correctly understanding other cultures, other ways of self-expression and manifestation of human individuality.

Key words: humanization of education, humanism, humanitarian subjects, importance, education system, upbringing.

Kipicne

Білімді ізгілендіру (лат. humanus – адами) - адами құндылықтарды технократтық, өндірістік, экономикалық және т.б. құндылықтардан жоғары қою идеясы. Бұл көзқарас бойынша, білім берудің мазмұны жеке тұлғаның еркін және жан-жақты дамуын, қоғам өміріне белсене араласуын қамтамасыз етеді. Ізгілендіру идеясы сондай-ақ, оқыту формасы мен әдістерін, оқу үдерісінің барлық жиынтығын қамтиды.

Адам игілігін білім беру үдерісінде жоғары деңгейге көтеру философиялық және әлеуметтік-саяси ілім ретінде адамзат дамуының көне дәуірінен бастау алған. Оған көне грек ойшылы Сократтың тұжырымдары дәлел бола алады. Сократтың пікірі бойынша, адам өзі қол жеткізгеніне ғана басшылық жасай алады. Ол өзі жинақтаған білімі мен тәжірибесі негізінде ғана дұрыс таңдау жасайды. Өзін-өзі білу, өз күші мен мүмкіндіктерінің шекарасын білу арқылы ғана еркіндікке қол жеткізеді. Сократ адамгершілік бастаулар туралы айтқанда, «ізгілік – бұл білім» («добродетель есть знание») – деп көрсетеді [1]. Яғни, Сократ білім мен мінез-құлық арасындағы байланыстың беріктігін атап өткен. Оның ойынша, білімнің басты құндылығы – адамзатқа тікелей және белсенді ықпал етуінде. Сократ көтерген білімнің ізгілігі мәселесі бүгінгі күнде қоғамды толғандыратын маңызды мәселе.

Мейірімділік, сұлулық, адалдық, шыншылдық, әділеттілік, адамдар арасындағы тең дәрежедегі қарым-қатынас сияқты гуманистік идеалдар адамзат қоғамының алтын қорына енген. Бұл құндылықтыр бұрынғы замандағы және қазіргі қоғамдағы білім мен тәрбиенің негізгі мәні болып табылады. Бірақ аталған гуманистік идеалдарды қоғамдағы отбасы, білім беру институттары арқылы жүзеге асыруда көптеген қиыншылықтар туындап отыр. Бұл қиыншылықтарды қазіргі қоғамның тез дамып, өзгеруімен, әлеуметтік экономикалық дағдарыстармен, дегуманизациямен байланыстыруға болады.

Дегуманизация – жеке тұлғаның қоғамдық үдерістерден, басқа адамдардан, еңбектен

оқшаулануы, адамның «адамдық қасиеттерін» жоғалтуы деп ұғынуға болады. Оны туындатқан сыртқы факторлар табиғи ресурстарды рационалды пайдаланбаудан туындаған табиғи ортаның зақымдануы, ядролық катастрофа қаупі болып табылады. Осы аталған мәселелердің барлығы қоғамның «технократиялық парадигмасын» қайта қарап, оған альтернатива ретінде «гуманистік парадигманы» қолдануды қажет етеді. Гуманистік парадигма адамды ең жоғарғы құндылық ретінде бағалай отырып «адам-әлем» «адам-табиғат», «адам-қоғам» қатынастарындағы барлық проблемаларды жалпы адамгершілік құндылықтар негізінде шешудің қажетігін білдіреді [2].

Қазіргі Қазақстан қоғамында жаңа қоғамдық құндылықтар қалыптасқан. Олар жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарына негізделген. Білім мен тәрбие де қоғамда болып жатқан өзгерістердің ықпалымен жаңа деңгейге көтеріліп, толерантты тұлға қалыптастыруы көздейді. Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» (12.04.2017 ж.) жолдауында: «Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге, біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді. Осыған байланысты, мен алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсынамын. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Біз тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасауға тиіспіз. Гуманитарлық зиялы қауым өкілдері еліміздің жоғары оқу орындарындағы гуманитарлық кафедраларды қайта қалпына келтіру арқылы мемлекеттің қолдауына ие болады. Бізге инженерлер мен дәрігерлер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет - деп қоғамды жаңғыртудың қадамда-

рын нақтылап, гуманизациялаудың қажеттіліктері мен міндеттерін нақты көрсеткен [3].

Зерттеу нысандары мен әдістері

Қазіргі қоғамда жастардың көзқарастары мен өмірлік ұстанымдарын қалыптастыратын білім екендігі сөзсіз. Соның ішінде жоғарға мектеп бағдарламасындағы қоғамдық ғылымдар жеке тұлғаның қоғамдық санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Оның міндеттеріне қазақстандық қоғамның қажеттіліктерінен туындаған саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани бағдарларды қалыптастыру жатады.

Білімді ізгілендіру мәселесін талдауда, оның екі бағытын атап өтуге болады. Біріншісі, сыртқы жалпы қоғамға ықпал ететін бағыты - нақты тариха жағдайда қоғамды, оның мәдениетін дамыта отырып моральдық адамгершілік құндылықтарды қалыптастырады. Елімізде қабылданған жаңа мемлекеттік бағдарламаларда қоғамды ізгілендірудің жолдары көрініс тапқан. Сондықтан да әлемдік тарихтың тәжірибелерімен қатар, еліміздегі қоғамды дамыту мен жаңғыртуға қатысты бағдарламаларды жас ұрпақты санасына сіңіре отырып, олардың қоғамдық өмірде нақтыланып, жүзеге асуына көңіл бөлуіміз қажет.

Екіншісі, ішкі, жеке тұлғаға ықпал ететін бағыт. Осы орайда білім берудегі ізгілік қағидаты адамға, оның тұлғалық жетілуіне, әлемдік мәдениеттің байлығын қарым-қатынаспен, меңгерудің белсенді формаларымен байланысты бағдарлауын көздейді. Гуманизация субъектілердің, ұйымдардың және оқу жүйелерінің адамның тұлға ретінде дамуына арналған ең жайлы шарттарын жасаудағы әрекетінің барлық жақтарыны көрсетеді. Қазіргі тез өзгеріп дамып жатқан қоғамда білім мен біліктілік тұрақсыз, олардың тез өзгеріп жатқан талаптарға сәйкес келмей, маңыздылығы жойылуы да мүмкін. Сондықтан студент, білімді алушы, «білім жинақтаушы» ғана емес, ескірген стереотиптер мен шаблондардан дер кезінде арылып, өз білімін тиімді ұтымды пайдаланатын, және оны үнемі жаңартып толықтыра алатын тұлға болуы қажет [4].

Жеке тұлға тәрбиесін ізгілендіру – бүгінгі заманның басты талабы. Білімді ізгілендіру білім алу арқылы адамның қоғамдық өмір әрекетіне қатысуы, тұлғаның ерікті және жан-жақты жетілуін қамтамасыз етуді көздейді.

Негізгі бөлім

Білім берудегі ізгілік қағидаты адамға, оның тұлғалық жетілуіне, әлемдік мәдениет-

тің байлығын қарым-қатынаспен, меңгерудің белсенді формаларымен байланысты бағдарлауын көздейді. Гуманизация субъектілердің, ұйымдардың және оқу жүйелерінің адамның тұлға ретінде дамуына арналған ең жайлы шарттарын жасаудағы әрекетінің барлық жақтарыны көрсетеді.

Гуманизмнің негізі және оның тәлім-тәрбиелік маңызын қазақ даласындағы ұлы ойшылдарының әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Қ.А.Ясауи, ағартушылары Ы.Алтынсариннің, Ш.Уәлихановтың, А.Құнанбаевтың, қазақ зиялылары Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев және т.б. еңбектерінің болашақ ұрпақты адалдық, парасаттылық, шыншылдық сынды қасиеттерге тәрбиелеуде маңызы зор.

Абай білім берудегі ізгілік туралы:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек.

Жеке-жеке біреуі жарытпайды,

Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек...

Біреуінің күні жоқ біреуіңсіз,

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек»,

- деп адам ақылдың, жігер-қайратын тура жолға жұмсауға, жүректі де ізгілікке, адалдыққа, адамдыққа жетелейтін, осы үш қасиетті біріктіріп, оны үлкен әлеуметтік ізгі күшке айналдыратын осы ғылым деген қорытындыға келеді [5].

Өз заманында Шоқан Уәлиханов “Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет” деген екен. Бүгінгі таңда Қазақстан егеменді, тәуелсіз ел ретінде дүниежүзілік қауымдастықтан өз орнын алған, болашаққа өз бағдары бар елге айналды. Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістерге қатысты мемлекеттік бағдарламалар жеке тұлғаның сапалық қасиеттерінің қалыптасуына нақты қадамдар жасалып отыр. Ол «Адам құқығы конвенциясына», қоғамымыздағы демократиялық жаңғыруларға сай жалпы азаматтық, ұлттық құндылықтарға, адамгершілік ойларға негізделген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің міндеті - жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту. Белсенді азаматтық ұстанымы бар азаматты тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін ұғындыру, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын

қалыптастыру, отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу» деп атап көрсетілген [6].

Білім берудің осы мақсаттары білімді ізгілендіруді жан-жақты қарастыру мен қолға алуды қажет етеді. Осы тұрғыда «100 кітап» жобасы, әртүрлі тілден қазақ тіліне аударылып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасайтын бағдарлама болып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелестікке қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша болашақтың негізі білімі оқу ордаларының аудиторияларында қаланады...» - деп көрсетті.

Білім берудегі ізгілік білім мазмұнындағы жалпы мәдениет компоненттерінің басымдылығы мен оның жетілуіне бағытталған өлшем жүйесін көрсетеді. Берілген өлшем жүйе жалпы адамзаттық мәдениеттің мұра негізін қалаушы тұлғаның қалыптасуының негізі (базасы) болуы керек. Білім беруді ізгілендіру жас ұрпаққа бәрінен бұрын оқу мекемелеріндегі білім бағдарламаларындағы тарихты және қазіргі заманды, сонымен қатар әлемдік және отандық мәдени мұралардың терең ұғынуын қамтамасыз ететіндей білімді қайта қарастыруды талап етеді.

Гуманистік тұлға қалыптастыру тұрғысынан қарасақ, білім беруді ізгілендіру гуманитаризациямен өзара байланыста болып табылады. Білімді ізгілендіру оқу жүйесіндегі гуманитаризацияны үйлестіргенде ғана нәтижелі болмақ.

Білімді ізгілендіру бұл – адамның қабілетін, мүмкіншіліктерін, жеке қасиеттерін жан-жақты және үйлесімді дамыту мақсатында жағдай жасау дегенді білдірсе, бұл мәселені қарастығанда гуманитарлық пәндерді оқытудың сапасын арттыру мен мазмұнына жіті көңіл бөлу қажеті туындайды. Қазіргі білім беру жүйесінде қоғамдық ғылымдарды оқытудың реттілігі пәндерді таңдау кезінде де сақталуы керек. Бұл пәнаралық байланыстарды сақтай отырып, пәндерді оқуда жүйелі білім алуға мүмкіндік туғызады.

Бүгінгі таңда тек базалық кәсіби білім алуға ғана емес, сонымен қатар жалпы адамзаттық мәдениетті игерудің мүмкіндігі мол.

Оның негізінде тұлғаның барлық жақтарын дамытуға, оның субъективті қажеттіліктері мен объективті жағдайларды, білім беруде мамандардың потенциалдары мен материалды базаны да есепке алуға болады. Тұлғаны жалпыадамзаттық мәдениетпен үндестікте дамыту негізгі базалық гуманитарлық мәдениеттің деңгейіне тәуелді. Бұл заңдылық білім мазмұнын сұрыптауда мәдениеттанушылық ыңғаймен шартталған. Әлемдік мәдениеттегі тұлғаның өзін-өзі анықтауындағы негізі білім мазмұнының ізгілігін білдіреді.

Гуманитарлық қағидат қоғамдық пәндердің мәртебесін көтеруді, оны жаңарту мен жалпыадамзаттық құндылықтары мен руханилығына көңіл бөлуді талап етеді.

Жоғарғы оқу орындарындағы қоғамдық-гуманитарлық пәндер еліміздің тарихи қалыптасуы мен дамуын, қазіргі уақыттағы саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени даму бағыттырын, осы кезеңдегі нақты қадамдарды оқытады, және оны әлемдегі жаһандық үдерістермен байланыста қарастырады. Философиялық білім рухани мәдениеттің озық ойларымен таныстыра отырып тұлғаның рухани дамуын, дүниеге көзқарасын, шығармашылық ойлау арқылы, сыни түсіну дағдысын қалыптастырады. Әлеуметтік ғылымдар адамзат қоғамын, оның құрылымын, даму заңдылықтарын, адамдардың мінез-құлықтары әрекеттері және өзара қарым-қатынастары нәтижесінде пайда болатын қоғамдық өмірдің жалпы мәселелерін оқытады. Саясаттану саяси жүйелердің дамуын, қазіргі әлемдік саяси дамудың перспективаларын оқыту арқылы Қазақстанның саяси жүйесін терең түсініп, оны қолдауды қамтамасыз етеді. Оқу бағдарламасындағы құқық негіздері пәні Қазақстан Республикасының құқық салаларынан білім беріп, азаматтардың әлеуметтік, саяси, экономикалық құқықтарын біліп, міндеттерін орындауға үйретеді, сөйтіп олардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастырады. Сонымен қатар, жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері пәні әлеуметтік құбылыс ретінде жемқорлықтың пайда болуы мен дамуының себептерін, Қазақстан Республикасында және дүниежүзілік практикада коррупциямен күрестің әдіс-тәсілдері салыстырмалы оқытады. Қазақстан қоғамында өзекті болып табылатын жемқорлыққа қарсы сана мен мәдениетті қалыптастыруды көздейді.

Қазіргі Қазақстан қоғамының рухани жаңғыру жағдайында жоғарғы оқу орында-

рында гуманитарлық білім беру жеке тұлғаның азаматтық қасиеттерін қалыптастырып, тәрбиелеуді әлеуметтік жауапкершілікпен жүзеге асыруы қажет. Әсіресе, қазіргі уақытта, қоғамда саяси, құқықтық, этикалық негизмнің жаппай өріс алып, діни экстремизм мен сыбайлас жемқорлық қоғам тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне қауіп төндіру жағдайында гуманитарлық білім беру қорғаушылық және жасампаздық қызмет атқарады. Ол жастардың рухани-құндылықты дүниетанымын қалыптастырады. Оларға ар мен намыс, жауапкершілік пен парыз, құқық пен міндет, патриотизм иен еңбексүйгіштік сияқты құндылықтарды ұғындырып, басқаларға төзімділікпен, құрметпен қарауға, қайырымдылыққа тәрбиелейді.

Қорытынды

Қоғамдық пәндерді оқыту мен гуманитарлық білім беру жеке тұлғаны технократиялық тәуелділіктен, соған байланысты туындайтын психологиялық қысымнан арылтады. Оның рухани тұрақтылығын қамтамасыз етіп, шығармашылық потенциалын жоғарлатады. Білімнің специализациясы мен дифференциациясының шектеулігінен арылтып, білім беруде жеке тұлғаға басымдық беріп білімнің біртұтастығын, бірлігін қамтамасыз етеді. Осылайша, гуманитарлық білім «әлемді құндылықтармен әсемдеп, мән мен мазмұнға толтырып, оның жеке адаммен байланысын көрсетіп береді [7].

Қоғамдағы білім беру адами капиталдың қалыптасуын қамтамасыз етудің негізі ретінде алынса, адами капитал қоғамға және жеке адамның өзіне пайда әкеле алатын,

адамдағы қабілет-қалыптың мөлшерін білдіреді. Ол туа біткен ақыл-ой мен физикалық қабілет, дарын, сыйдың негізінде ғана емес, алынған білім мен біліктілікті негізінде мүмкін болады. Бүгінгі таңдағы білім беруді ізгілендіру студенттің болашақта бәсекелестікке қабілетті маман және қоғамның белсенді азаматы ретінде қалыптасуының кепілі бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сократ. Платон. Аристотель. Сенека. Биогр. очерки. – Ростов н/Д: изд-во «Феникс», 1998. – 416 с.
2. Якиманская И.С. Личностно-ориентированное обучение в современной школе. – М.: Сентябрь, 1996. – 96 с.
3. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан газеті. №70 (29051) 12 сәуір, сенбі 2017 жыл.
4. Донина О.И. Гуманизация образования и воспитания как социально-педагогический феномен // «Педагогическая наука: история, теория, практика, тенденции развития» Выпуск №2 [2010] [Электронный ресурс]. Режим доступа. URL: intellectinvest.org.ua/rus/pedagog_editions_emagazine_pedagogical_science_vypuski_n2_2010_st_2. (Дата обращения 15.06.2018)
5. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы. - 2011. – 365 б.
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 жылғы 27 шілде. № 319 [Электронный ресурс]. Режим доступа. URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_. (Дата обращения 05.05.2018)
7. Ильина В.В. Теория познания: Введение. Общие проблемы-3-е изд.-М.: Либроком – 2012. - с. 81.